



PANORAMA: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ, I

Империялар және Үндістаннан
Жерорта теңізіне дейінгі мәдени
алмасулар (б.з.д. 600—200 жж.)





Кіріспе

Кітаптың авторлары атап өткендей, Пифей мен Мегасфен – екеуі де ежелгі саяхатшылар және шежірешілер болды. Олар Батыс Үндістан (Мегасфеннің «Индика» атты еңбегі) мен Солтүстік Еуропа және Балтық теңізі (Пифейдің «Мұхит туралы» атты еңбегі) жайында көлемді жазбалар қалдырды. Олардың шежірелерінде б.з.д. VI және III жүзжылдықтардағы грек тілдес халықтардың белсенді таралуы мен мәдениетінің қандай болғандығы өте айқын, толыққанды сипатталды. Бұл кезең «эллиндік дәуір» деп аталып, оның басты ерекшелігі грек тілі мен мәдениетінің кең таралуында болды. Бұндай таралу аймағына Александр Македонский қайтыс болғаннан кейін, ол жаулап алған жерлердегі пайда болған диадох мемлекеттері де енді. Сондай-ақ, грек және шығыс елдерінің, әсіресе, парсы мәдениетінің өзара бір-біріне сіңісуі, классикалық үлгідегі құлдық қоғамның пайда болуы осы эллиндік дәуірдің басты ерекшелігі еді.

Эллиндік дәуірдің бастауы полистік саяси ұйымнан аралас мәдениеттің орталығы және экономикалық жағынан белсенді Грециядан Африкаға дейін және Египетті қоса алғандағы мұрагерлікпен жүргізілетін эллинистік монархияға өтуімен сипатталады.

Парсылардың этникалық атауы бірінші рет б.з.д. 836 жылы Parsuaš – Урмия өзенінің оңтүстік бөлігіне қарай алып жатқан облыс атауы ретінде Ассирия патшасы III Салманасардың мұрағатында кездеседі.

Кітап авторлары б.з.д. VII ғасырдан бастап парсылардың этникалық атауы Орталық Азия жерінен шыққан үндірандықтардың Иран жазығын экспансиялап алуының нәтижесінде сол аймаққа қоныстанған иран тілдес тайпалардың одағынан шыққандығын нақты дереккөз арқылы дәлелге алады. Сонымен қатар қазіргі Фарс османы аймағы, бұны парсы мемлекетінің бесігі және парсы жазуының отаны деуге болады. Парса (Персида) деген атпен белгілі өзінің жеке Эламы мен шығысқа қарайғы Аншан аймақтарымен тығыз байланысты бұл атау тарихқа мықтап орнықты. Геродот сол ежелгі кездің өзінде-ақ көне парсы тілі гедроиздар мен германиттер мекен еткен көрші Мекран мен Керманда да көп таралған болатын деп жазады.

Жаңа деңгейдегі империялардың құрылуы

Б.з.д. V ғасырда грек-парсы соғысының нәтижесінде парсылар варварлармен (кейбір тарихшылар көшпенді жауынгер халықты солай атаған) өзара сіңісе бастады, алайда олардың әскери соғыс дайындығы грек жауынгерлерімен салыстырғанда әлі де айтарлықтай күшті емес болса да, Парсы елін Греция өзіне мықты қарсылас деп санады.

Б.з.д. VI ғасырда Ахеменид империясында парсылар үстем этнос болды, сондықтан да болар, олардың аттары Жерорта теңізі аймағында кең тарала бастады.

Ахеменидтер державасы алғашқы Парсы Империясы болды, бұл – б.з.д. VI–IV ғасырларда парсылық Ахеменид династиясының қалыптастыруымен Алдыңғы Азия мен солтүстік-шығыс Африкада өмір сүрген көне мемлекет еді. Б.з.д. VI ғасырдың соңына қарай Ахеменидтер державасы шығыстағы Инд өзенінен батыстағы Эгей теңізіне дейін, оңтүстіктегі Нилдің бірінші сағасынан солтүстіктегі Кавказ елдеріне дейін созылып жатты.

Ахеменидтер кезінде парсы империясы қазіргі Греция мен Ливия жерінен бастап Индияға дейінгі барлық аймақты тұтас қамтыды. Империяның адамдары 25 миллионнан шамамен 50 миллионға дейін жетті, бұл б.з.д. V–IV ғасырлардағы Жер тұрғындарының жартысы деген сөз.

Ахеменидтер державасының құрылуы мен өмір сүруінде II Кир патша құрған армияның атқарған рөлі орасан зор. Мемлекет әскери топархияға бөлінді. Әскер кавалерия (asabara) мен жаяу әскерден (pasti) құралды. Әскери арбалар арнайы тапсырмалар орындайтын бөлімшелер ретінде қолданылды. Армияның негізгі өзегі, яғни ядросы «ажалсыздар» деп аталатын сарбаздар мен патшаның атты гвардиясы болды. Патшаның жеке күзетшілері мың «ажалсыз сарбаздар» болған. Өзінің бастауын «ажалсыз сарбаздар» I Дарияның таққа таласу үшін болған соғысында оны қолдаған парсы отрядынан бастаған деген жорамал бар. Ондық жүйе бойынша құрылған армия бөлімшелері кавалерияшыларға, найзашыларға және садақшыларға бөлінген.



Парсы экспансиясының негізгі тармақтары:

- Б.д.д. 550 жылы – Мидияны жаулау.
- Б.д.д. шамамен 549 жыл – Эламның барлық территориясын парсылардың жаулап алуы.
- Б.д.д. 549–548 жылдар – парсыларға Парфия, Гиркания және болжаммен Армения да бағынды. Өйткені ол ертеректе Мидия құрамына кірген болатын.
- Б.д.д. 547 жылы – Крездің қолбасшылығымен жасақталған лидия әскерлерін Кир патша тас-талқан етті. Лидия астанасы – Сар қиын өткелді территорияда орналасқанына қарамастан жеңіліс тапты. Лидия, Ликия және Иония жеке-жеке кент қана болып қалды.
- Б.д.д. 539 жылы – Тигр өзенінің бойындағы Опис қаласына жақын жерде Вавилон патшасының баласы Набониданың қолбасшылығымен вавилон әскері Бел-шар-уцура парсы жауынгерлерінен жеңіліс тапты. Вавилон патшалығы жай ғана атау ретінде сақталып қалды, ал Вавилон парсы патшасының бір резиденциясы ғана болды. II Кир «Вавилон патшасы, ел патшасы» деген титулға ие болады. Вавилонның алғашқы парсы мұрагері оны ұлы II Камбиз болды.
- Б.д.д. 525 жылы – мысырлық Пелусий қаласының маңында парсы және Мысыр (Египет) әскерлерінің аса ірі соғысы болды. Бұл қанды қырғын соғыстың нәтижесінде мысырлықтар жеңіліс тапты. Мысырлық флоттың командирі Саис қаласы мен Мысыр флотын парсыларға тапсырды. II Камбиз ресми түрде Мысыр патшасы деп танылды және «Мысыр патшасы, ел патшасы» деген титулды қабылдады.
- Б.д.д. 484 және 482 жылдары – Вавилонда парсы билігіне қарсы көтеріліс болды. Вавилон патшасы деп Шамаш-эрибуді тағайындады, алайда көп ұзамай бұл көтерілісті парсы армиясы басып тастады.
- 12 таланттық таза алтыннан құйылған Бэл-Мардук пұтын парсылар Вавилоннан алып кетіп, оны қайтадан құйма етіп ерітіп тастады. Вавилон автономиясын да, вавилондық азаматтықты да жойып жіберді. Вавилон Ассирия сатрапиясының бір бөлігі ғана болып қалды, ал Палестина мен Сирия сол өлкеге тәуелді аймақ болғандықтан, тағы бір сатрапия ретінде қалыптасты.
- Б.д.д. 480 жылы – Грецияға Ксеркс армиясы басып кірді. Бұл кампания ең әуелі, Эллада әскерлерінің батырлығы мен грек әскери өнерінің үздік жетістігін көрсеткен Фермопил, Саламин мен Платеялардағы соғыстан белгілі.
- Б.д.д. 404 жылы – Мысыр Парсы империясынан бөлінеді және XXIX династияның (б.д.д. 404–343 жылдар) негізгі перғауындарының (фараондар) тәуелсіздік үшін күресі.
- Б.д.д. 401–400 жылдар – Парсы империясындағы II Артаксерс Мнемон патша мен парсы тағына үміткер өз ағасы арасындағы династиялық соғыс. Артаксеркстің ағасы грек дәстүрінде тәрбиеленген Кіші Кир болатын, оның жалдамалы грек әскерін Клеарх басқарды. Кунак кезіндегі соғыста Кіші Кирдің жеңіліс табуы елдегі дағдарысты тіпті қиындатып жіберді.
- Б.д.д. 334 жылы македониялық патша Ұлы Александр Ахеменидтер мемлекетінің шетіне шабуыл жасады. III Дарий патша жеңілуге мәжбүр болды.
- Б.д.д. 331 жылы Гавгамела кезінде шешуші соғыс болды, бұл қан майданның нәтижесінде Парсы державасы өмір сүруін тоқтатты. Мемлекет пен халық Ұлы Александрге бас иіп бағынды.

Ахеменидер – «ғаламдық» билеушілер

Ахеменидтерді «әмбебап» басқарушылар ретінде ерекшелеп көрсеткен авторлар олардың құрылымдық топтарын талдауға ала отырып дәлелдейді. Б.з.д. 521 жылы Дарий басқарған кезеңде мемлекет 20 әскери-әкімшілік аймақтар – сатрапийлерге (көне парсыша – xšathra) бөлінді, оны патшаның өзі бекіткен басшылар – сатраптар басқарды. Сатраптың әрқайсысы Парсының бекітілген салығын төледі. Аймақтың басшысы саналатын сатраптарды парсылардан тағайындады, көбіне олар Дарийға жақын адамдар болатын. Билік сатраптың қолына түспес үшін Дарий патша оларды әскери функциядан тыс қалдырды. Ол арнайы әскери басшы тағайындады, олар тек император алдында ғана жауап беретін болған. Дарийдың тыңшылары, яғни «патшаның құлағы» ретінде белгілі бұл адамдар хабарламаны пошта арқылы жіберіп



отырған, ол кезде Парсы территориясы өзара қиылысып жататын, бұл жолдармен атпен түрлі сәлемдемелерді жеткізетін.

Парсылар бағындырған патшалықтар (Мидия, Лидия, Жаңа вавилондық патшалық, Мысыр, Бактрия) негізгі сатрапия мәртебесіне ие болды. Олардың ішкі тұрақты бөлімшелері кіші сатрапия мәртебесін алды. Сатрапияның бөліктері, мысалы, Сақтар сатрапиясы, үнді сатрапиясының бөлігі, империя провинциясы деп саналатын Нубия, Фракия, Колхидаларды шын мәнінде парсылар басқарған жоқ және олар өздерін әлемдік держава ретінде көрсететін декларацияға ие еді.

Сатрапия – провинция басқарушысы немесе сатрап билігіне бағынған Парсы империясының әкімшілік бірлігі.

Кітап авторларының деректеріне сүйенсек, коммуникациялық орталық ретіндегі Парсы империясы біраз жаңашыл бастамаларды көтергенін байқаймыз. Дарий ел басқару жүйесінің көп бөлігін ассириялықтардан алған. Дегенмен оның алым-салық жинау жүйесі жаңаша болды. Алдында тайпалардан алынған ақша пайда болатын келеңсіз жағдайлардан қорғану үшін ғана қажет деп саналатын, ал енді бұл алымдар салыққа айналды. Дарий тұрғындардан ақша жинап отырды және оларды кеме құрылысына, табиғи кендерді өндіруге, су жүйелерін дайындауға, жол құрылысын салуға және Ніл мен Қызыл теңіз арасындағы каналды жалғастыруға жұмсады.

Ахемен заманының тиыны

Б.з.д. V ғасырдағы Парсы империясына тиесілі мына алтын дарикте садақ және найза ұстаған Ксеркс император бейнеленуі мүмкін.

Сол кездерде Парсы елінде бірыңғай валюта пайда болды, бұл император өз елінен жырақта жүргенде мемлекетті басқару ісін оңайлатты. Дарий империяның барлық түкпірінен ең үздік қолөнершілерді жинады, олар парсы сәулетшілерінің жетекшілігімен Персепольді құруға тиіс болды. Енді алтынды үлкен қазыналы қоймада (уақыт өте келе тым кішкентай боп қалған) сақтай алатын болды және бәріне парсы империясының этникалық әртүрлілігін көрсетуге мүмкіндік туды. Персеполь парсы мәдениетінің барлық практикалық мәдениетінің ерекшеліктерін көрсететін орынға айналды. Бұл Ұлы Кирдің империя құру туралы идеясының шынайы өмірде жүзеге асқанын көрсетті.

Бірыңғай ресми тіл ол кезде болмады (Бехистун жазбасы). Көне парсы тілінен басқа (сына жазуымен таңбаланған) финикийлік жазба негізіндегі арамей тілі кең таралды.

Ахемендер және Зороастризм

Әсіресе, авторлардың ахеменидтер және Зороастризм ілімін жеке алып талдауы, өз пікірлерін дәлелдеуде нақты мәліметтерді беруі назар аудартады. Парсы дінінде фетишизм мен тотемизм элементтері сақталды. Әсіресе киелі итке табыну ғұрпы таралу жағынан алдыңғы орында болды. Дарийдің басқаруы кезінде мемлекеттік дін аңызға айналған пайғамбар Заратуштраның атымен аталатын зороастризм болды. Дарий жазбаларында оның барлық жеңістері Ахура-Мазда құдайының қолдауымен болған делінген.

Зороастризм – екі бастау: жақсылық пен жамандықтың бітпес тартысынан тарайтын дуалистік қарапайым дін. Ахура-Мазда қайырымды бастау – жақсылық, жарық, от, жермен айналысу және отырықшы малшаруашылығын бейнесі болды. Оған Анхра-майню күші қарсы тұрды. Ол жамандықты, қараңғылықты, түнекті, көшпенді өмір салтын бейнеледі. Осы екі күштің арасында бағзы замандардан бастап бітіспес күрес жүріп келеді.

Әрбір нағыз мазда дінін ұстанушы жақсылықтың жамандықты, жарықтың түнекті, отырықшы өмірдің көшпенді салтты жеңуіне ықпал етуі керек. Әрбір шын мазда дініндегі адам отырықшы салтпен өмір сүретін аймақтарға үздіксіз тонау, талау мақсатымен келетін, адамдар мен малдарды айдап әкетіп, қалаларды қирататын Шығыстың көшпенділерін отырықшы өмір сүруге тарту керек. Осылай ол Ахура-Мазданың жеңіске жетуіне өз үлесін қосады.



Зороастризм құлдық қоғамдағы Шығыстың басқа да діндері секілді патшалық биліктің берік орнығуына қызмет етті және адамдардың еңбегін қанау мен таптық қысымды ақтады.

Ахура-Маздамен қатар Иранда басқа да көне құдайшылдық: жер, аспан және су пірлеріне табынды. Сонымен бірге күн құдайы Митра мен аспан жұлдыздарын құдайдай көру кең етек алды. Митраға табынудың соңы өлімнен кейінгі өмірге байланысты сенімге ұласты.

Ахемендер тұсындағы мультимәдениет

Авторлар негізге алған Ахеменидтік көпмәдениеттілік әлі де болса терең зерттеуді қажет етіп тұрған мәселелердің бірі. Ахеменидтер империясының ұлан-ғайыр аумағына байланысты территорияның мәдениеті біркелкі болмады. Үстем тапқа жататын парсылар зороастризмді ұстанып, төртбұрышты храмдарда (Зороастра Қағбасы) отқа табынды. Алайда ежелгі дін ретінде Күнге табыну (Митраға бас ию) да өз маңызын жоғалтпады. Геродот парсыларда құдайлардың статуясына табыну немесе көптеген храмдарды салып тастау салтының болмағандығы туралы жазады. Рәсімдерді орындауға жауаптылар магтар (бақсылар) болды. Жергілікті халыққа қатысты діни алауыздық туындамады. Осы парсылар вавилондық тұтқынға тоқтау бола алды. Парсылық ақсүйектік қоғам эламиттерден вавилондық зиккураттарға қатысты монументалдық жерлеу үлгісін салт етіп алды (мавзолей деген сөз карий сатрапы Мавсолдың атынан шыққан). Ахеменидтердің сәулет безендірулерінде барельефтер мен бағандарға (колонна ападана) басымдық берілді.

Ертеректе Ахеменидтер бағынышты халықтың дініне қарсылық танытпаған. Вавилонда Кир ежелгі діндердің қайта жандануына ұйытқы болып, жергілікті құдайларға құрбандық шалып отырған. Кейбір ғалымдар Кир барлық діндерге құрметпен қараған, ал Камбиз мысырлықтардың жануарларды құдайдай көретінін қатты жек көрген. Сондықтан олардың храмдарын талқандаған, солай бола тұра иудаизмге ерекше бас иіп, иудейлердің элефантиялық храмын жарылқап отырған деп жазады. Осыған сәйкес монотеистік Яхве діні Камбизге және басқа да парсы патшаларына «дөрекі» саналатын халде, эламит және мысырлық табыну діндерінен гөрі жақынырақ болды. А.Л. Оппенгеймнің пікірінше, Кирге қарағанда Камбиз осындай діндерді ұнатпаушылығын жасырмаған және олармен тек саяси мақсатта ғана бітімге келіп отырған.

Ахеменид патшалары, соның ішінде I Дарийден бастап жат жерлік діндерге қалай қарады, осы мәміле ерекше қарауды талап етеді. Диодор Дарийдің Мысыр діндарларының елдегі киелі саналатындардың бәріне деген қамқорлыққа толы қарым-қатынасын қатты ұнатқанын жазады. Бұл мысырлық жазбаларда да айтылғандығы белгілі. Сонымен бірге Сузада I Дарийдің статуясы табылған, бұл бір кездерде монументалды қақпаның кіре берісінде, ападаннан шығысқа қарай тұрған. Тік бұрышты тұғырда Дарий Мысыр құдайы Атумның бейнесінде, алайда парсы киімімен бейнеленген. Бұл ескерткіш Дарийді Мысыр құдайларының мәңгілік шапағаты қолдайды деген тылсым күшке ие ретінде саналды.

Дельфтегі ғибадатхана

Көне Дельфтің әсем жерінде орналасқан екі ғибадатхана кешендерінің кішілеуі – Афина құдайға арналған зиярат ететін орын.

Осылайша Ахеменидтер мысырлық, вавилондық, гректік, иудейлік Яхве, басқа да жат жерлік құдайлардың табынушылары болды деген ой келеді. Бұл храмдарда жергілікті құдайлардың тарапынан өзіне деген қолдауға ие болу мақсатында парсы патшаларының атынан құрбандықтар шалынды.

Бір қарағанда парсылардың бөтен елдің құдайларын құрметтеп, табынуы ерсі көрінуі мүмкін. Алайда ежелгі діндер догма болмады және басқа халықтардың діни сенімін жек-көрушіліктен аулақ болды. Бағзы замандардағы Таяу Шығыста діни төзімділік не саяси, не моральдік көзқарасқа қатысты емес еді, ол кезде қандай да бір жалған сенім, жалған дін,



нәсілге байланысты жеккөрушілік, бір халықтың екінші бір халықтан артық болуы мүмкін дегендей түсінік мүлде болмады.

Б.д.д. 331 жылы Гавгамеладағы соғыста Александр Дарийді тас талқан етіп жеңді. III Дарий өзіне жақын адамдармен қашып кетті. Енді ол Шығыс Иранға қашты, алайда оны бактерия сатрабы өлтірді. Парсы империясының құлауы анық болды. Өзінің соңғы патшасының өлімінен кейін Парсы өз тарихының жаңа кезеңіне – эллиндік кезеңге аяқ басты, алайда бұл Парсы империясы емес еді. Парсы елі Александр Македонский жаулап алған көптеген елдердің қатарындағы бір мемлекет қана болды.

Грецияның эллинистік кезеңіндегі құлиелену демократиясы жағдайында қала-мемлекет орталығы қалыптаса бастады. Қаланы тік бұрышты торша жолдар мен алаңдар – сауда және қоғамдық өмірдің орталығы ретінде тұрақты түрде жоспарлау жүйесі (Гипподамдық жүйе) дамыды. Қаланың мәдени және сәулет-композициялық өзегі саналатын храмдар акропольда, яғни қаланың биіктетілген әрі бекітілген бөлігінде салынды. Эллиндер көне дәуірдегі өркениеттен мүлде бөлек храм түрін сала бастады, бұлар ашық, жарық түсте болумен қатар, адамды дәріптеді, ауқымдылықпен адамды баурауды мақсат етпеді.

Эллинистік кезеңнің сәулет өнері грек дәстүрін жалғастыра берді. Дегенмен храмдар құрылысымен қатар азаматтық құрылыстарды да салуға ерекше ден қойды. Олар театр, гимназия, эллинистік билеушілердің сарайларының сәулетіне мән бере бастады. Ғимараттардың сыртқы және ішкі безендірілу жағы айшықты және сан алуан реңкті болды.

Осы кезеңдерге «әлемдегі ғажайыптар» тізіміне енетін атақты сәулет туындылары жатады: Галикарнастағы Мавзол патшаның қабірханасы, Александрия жағалауына жақын салынған Фарос шамшырағы (маяк), Теостағы Дионис храмы – бұлардың бәрі Гермогеннің туындылары еді.

Б.д.д. шамамен 500 жылдан 321 жылға дейін Афиндік полисте басқарудың демократиялық формасы қалыптасты. Оны әлемдегі алғашқы демократиялық жүйе деп санайды. Кез келген азамат Халық жиналысына қатысуға міндетті болатын және сондай құқығы болды. Афина демократиясы гүлденген кезеңде азаматтардың үштен бірі мемлекеттік лауазымның белгілі бір түрінде қызмет атқарғаны туралы мәліметтер бар. Қазіргі түсініктегідей билікті бөліп алу деген ой оларда болмады.

Биліктің жоғарғы органы Халық жиналысы – эkkлeсия еді, бұған азаматтық құқығы бар барлық ересек ер адамдар қатыса алатын. Жиналысқа қатысуға әйелдерге, жат жерлікке және құлдарға тиым салынды. Халық жиналысы әрбір 8-9 күнде жиналып отырды, оған бірнеше мыңдаған адамдар қатысқан (Афина мекеніндегі дауыс беруге құқығы бар адамдардың саны қазіргі зерттеушілердің еңбектеріндегі мәліметтер бойынша 20–30 мың шамасында болған).

Жиналыста полистің (қаланың, аймақтың) өміріне қатысты аса маңызды мәселелер қарастырылған. Афина демократиясы кезеңінің гүлденген тұсында кедей адамдардың жұмыстан шығып келіп, сол күнгі халықтық жиналысқа қатысуы үшін оларға қолөнерші ұстаның бір күндік ақысы көлеміндегі ақша төлейтін жүйе іске қосылды.

Экклeсия жиналыстарының арасындағы үзілісте булэ – «бес жүз кеңесі» ағымдағы жұмыстармен айналысты. Булэ мүшелері 30 жастан асқан адамдар арасында жеребе тарту арқылы сайланды, олар әрбір 10 филден 50 адамнан алынды. Осындай 50 адамның әрқайсысы булэ функциясын жылдың 1/10 бөлігінде атқарып отырды.

Сот істері «сот алқалары» – гелиэяда қарастырылды. Гелиэя жеребе тарту арқылы таңдалған 6 000 адамнан құралды. Осы алты мың адам 10 дикастерияға бөлінді, олардың әрқайсысынша шамамен 500 адамнан болды (100 адамы запаста деп саналды). Істі қарау барысында белгілі бір декастерия жұмыс атқарды, қылмысты өшіргізу, жою туралы ешкім ойланбады, себебі судьялардың көптігіне байланысты бұл мүмкін емес еді.

Халық жиналысының шешімдерін басқа да қызметтегі органдар атқара алатын еді. Афинадағы барлық қызметтер коллегиялды болды және бәрі де жеребе тарту арқылы орындалатын. Бұл тұста тек дауыс беру арқылы таңдалған ерекше дағдысы бар полис қаржы басшылары мен стратегтері ғана өз қызметтерін ауыстырмады. Он стратег коллегиясы Афинада ерекше маңызды рөл атқарды және өздері де елде өте ықпалды азаматтар болды. Мысалы, Периклдің стратег лауазымына ұзақ уақыт бойы қайта сайлануы оның осы билікке лайықты екендігін танытса керек.



Афинаның гүлденуі

Ежелгі Афинада мемлекеттік қызметтердің көптігі әрбір азаматтың өз өмірінде бірнеше рет әртүрлі лауазымға жұмыс істеуіне мүмкіндік берді. Олар мемлекеттік басқару істеріне үнемі атсалысып отырды.

Ежелгі Афина – көне гректік полис, б.д.д. V ғасырда Ежелгі Греция тарихында Спарта секілді жетекші рөл атқарған Аттикадағы қала-мемлекет. Ежелгі Афинада демократия қалыптасты, философияның классикалық үлгісі мен театр өнері дамыды.

Афина мемлекетінің пайда болуы ішкі және сыртқы қорлық-зорлықтарсыз, рулық қауымдастықтың өзінен шыққан нағыз шынайы мемлекеттік үлгі еді. Афина дәстүрі бойынша полис синойкизм – Афина акрополи маңындағы Аттиканың айрықша рулық қоғамының бірігуінен пайда болды. Синойкизмді өткізу туралы ежелгі грек аңыздарында айтылады, онда Эгейдің ұлы Тесей патша (жартылай мифтік бейне) өте ертедегі Афина қоғамның құрылымын енгізді, тұрғындарды эвпатридтер, геоморлар және демиургтерге бөлген делінеді.

Акрополь

Афинада бірден көзге түсетін бекініс-жотада орналасқан Парфенон және басқа да қоғамдық құрылыстар гректердің парсы басқыншыларды жеңгеннен кейінгі жылдардағы қала-мемлекеттің байлығы мен құдіретін паш етеді. Афина одақтас қалаларға Акропольды аса салтанатпен көркемдеуге аянбай үлес қосуға міндет жүктеді.

Қорытынды

Ақырындап рулық ақсүйектердің қолында (яғни эвпатридтерде) ірі жер аумақтары пайда бола бастады, соған байланысты бос тұрғындардың (аз жерге ие адамдардың) үлкен бөлігі олардың иелігіне өтті; қарыз кабаласы өсе түсті. Қарызын төлей алмаған адамдар несие берушілерге тек өз мүліктерін беріп қана қоймады, сонымен қатар өзінің жеке басының бостандығы мен отбасы мүшелерінің бостандығын да беруге мәжбүр болды. Қарыз кабаласы құлдыққа салудың негізгі көзі болды, бұл айтарлықтай тез дами бастады.

Құлдар және басы еркін адамдармен бірге Афинада тағы бір аралық қабат пайда болды, олар метектер – басы азат, алайда саяси және кейбір экономикалық құқыққа ие емес адамдар еді. Сонымен қатар ертедегі бөлу жүйесі: демосты филдарға, фратрийге және руларға бөлу де сақталып қалды. Афинаны тоғыз архонт басқарды, олар жыл сайын аристократтар арасынан сайланатын еді және ареопагтар да басқарды, олар өз қызметтік мерзімін аяқтаған архонттармен толықтырылып отырған ақсақалдар кеңесі болатын.